

«БАСТЫ
МАҚСАТ –
АУДАННЫҢ
ӘЛЕУЕТІН
КӨТЕРУ»

– Қайыржан Серікбайұлы, сіз Іле ауданының әкімі болып тағайындалғалы жеті ай өтті. Өнеркәсібі пен өнері қатар дамыған ауданның қоғамдық-саяси, әлеуметтік ахуалын толық саралап, күретамырын дөп баса алдыңыз ба?

– Әкімдік лауазымындағы алғашқы күнімнен бастап ауданның әр саласына терең бойлап, негізгі мәселелер мен болашақ даму бағыттарын айқындауға күш салдым. Барлық елді мекендерді аралап, тұрғындармен кездесулер өткізу арқылы олардың қажеттіліктері мен ұсыныстарын тыңдап, нақты жобаларды іске асыруды бастадық. Әлеуметтік сала, инфрақұрылым, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы – басты басымдықтарымыз. Бүгінде ауданның экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылуда, олардың алғашқы нәтижелері де көріне бастады.

– Қазіргі уақытта ауданды қандай өзгерістер күтіп тұр?


– Іле ауданы – Алматы облысының іргелі аудандарының бірі. Соңғы жылдары мұнда әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, жаңа өндірістердің іске қосылуы, ауыл шаруашылығы мен туризмнің өркендеуі басты басымдыққа айналды. Мысалы, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталған инвестициялық жобалар: «LC WAIKIKI» 150 жұмыс орнымен қамтылған сауда логистикалық орталық салу жұмыстары, жалпы инвестиция соммасы 30 млрд теңге, (2025 жылға 10 млрд көзделген) жыл басында LC Waikiki қоймасын салу жұмыстарында инженерлік инфрақұрылым жүргізу үстінде көршілес жер телімі иесімен мәселе туындады. Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен аталған мәселе жойылып, LC Waikiki қоймасы қолданыс актісін алып жұмысын жалғастыруда. «VOLVO GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС сервистік орталық, инвестиция соммасы 3,5 млрд теңге (2024 г. – 3,1 млрд тг, 2025 ж. – 0,4 млрд тг) 2025 жылдың наурыз айында құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталды.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СОТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК,
ТҰРМЫСТЫҚ АХУАЛЫ НАЗАРДАН
ТЫС ҚАЛМАУЫ КЕРЕК



Судьялардың кәсіби қызметі – бұл қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті сақтаудың, әділдікті қамтамасыз етудің маңызды құралы. Олардың жұмысының сапасы мен тиімділігі құқықтық жүйенің негізін қалаушы элемент. Алайда, соңғы жылдары судьялардың әлеуметтік жағдайлары мен кәсіби қызметтеріне қатысты мәселелер назардан тыс қалуда. Бұл өз кезегінде судьялардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келеді.

КӨКЖИЕК

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА
ЖАҢА МҮМКІНДІК КӨП

Соңғы жылдары елімізде ғылымды қолдауға бағытталған нақты қадамдар жасалып жатыр. Бұл Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін арттырумен қатар, мемлекеттің ұзақмерзімді стратегиялық мүдделеріне де жауап беретін маңызды бағыт.

Ғылымға инвестиция ел болашағына салынған инвестиция екенін мемлекет басшысы да бірнеше рет атап өтті. Осы орайда отандық ғалымдарды қолдау, ғылыми жетістіктерді қоғамда кеңінен насихаттау және жас зерттеушілерге жол ашу – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

2021 жылдан бастап ғылымды қаржыландыру көлемі едәуір артты. Мемлекеттік ғылыми гранттар саны өсті, іргелі және қолданбалы зерттеулерге арналған арнайы

бағдарламалар қабылданды. Ғылым және жоғары білім министрлігінің дерегіне, 2023 жылы 3 мыңнан астам ғалым түрлі гранттық жобалар бойынша қолдауға ие болған.

Соның бірі биотехнология саласындағы зерттеулерімен танылған жас ғалым Назерке Тұрсын. Ол ауыл шаруашылығына бейімделген биологиялық тыңайтқыш түрін жасап шығарып, бұл жобасы ғылыми грант иеленген. Қазір зерттеудің нәтижелері Қарағанды, Жамбыл өңірлерінде сынақтан өтуде. Бұл –

қолдаудың нәтижесі ретінде атап өтуге тұрарлық мысал.

«Жас ғалым» жобасы арқылы 40 жасқа дейінгі зерттеушілерге арнайы гранттар бөлініп келеді. Бұл – еліміздегі ғылыми ортаның жасаруына ықпал етіп жатқан маңызды қадам. Бұған қоса, өңірлік университеттер жанынан ашылып жатқан зерттеу орталықтары жас ғалымдарға өз аймағында-ақ ғылыммен айналысуға мүмкіндік беріп отыр.

Солтүстік Қазақстан университетіндегі «Агробиотехнология» орталығы соның айғағы. Ондағы жас зерттеушілер топырақ құнарын арттыру мен тұқым өнімділігін зерттеу бағытында жұмыс істеп жатыр. Бұл орталық жергілікті әкімдік пен Ғылым комитетінің

бірлескен қолдауымен ашылған. Ғылым қанша маңызды болса да, ол қоғаммен байланыста болмаса, нәтижесі шектеулі болады. Осы тұрғыда отандық бұқаралық ақпарат құралдарында ғылыми жетістіктер мен жобалар жайлы ақпарат жиі жарияланып келеді. Ғалымдардың қатысуымен өтетін конференциялар, дөңгелек үстелдер мен ғылыми форумдар – бұл саланы насихаттаудың тиімді тетіктері.

Биыл мамыр айында өткен «Science EXPO–2025» форумында 100-ден астам ғылыми жоба таныстырылды. Олардың қатарында құқық қорғау, экология, медицина, энергетика және цифрлық технология саласындағы бастамалар бар. Бұл ғылым тек зертханамен шектелмейтінін көрсетеді.

Елімізде ғылымды дамытуға бағытталған саясат бар, ол кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Қаржыландырудың артуы, жас ғалымдарды қолдаудың күшеюі, ғылыми жобаларды таныстыру алаңдарының пайда болуы оң үрдістер.

С.АСҚАР

5-бет



Тасқынға қарсы
19 бөгет салынды

6-бет



Қару мен қауіпсіздік:
бейбіт өмірді оқсыз қорғау

8-бет



Шахизаданың құпиясы

